

"2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 427 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2014 жылғы 7 қарашада Астанада жасалған 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі,
2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз

Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімнің (бұдан әрі — Келісім) 19-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 - б а п

«1. Автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау рұқсат болмаса да:

1) екі Тарап мемлекеттерінің арасында;
2) екі Тарап мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзит арқылы жүзеге асырылады.

2. Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар, айырым белгілерінсіз бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап бар кезінде де рұқсат талап етілмейді.»

3. Екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекеттің аумағына және үшінші мемлекеттің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына жүктерді тасымалдау екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органынан алынған рұқсат негізінде орындалады.

Егер екі Тараптың мемлекеттері де қатысушысы болып табылатын өзге халықаралық шарттарда жүктерді үшінші мемлекет аумағына /аумағынан екінші Тарап аумағына тасымалдауды жүзеге асырудың өзге тәртібі белгіленсе, онда мұндай тасымалдаулар осы халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.»

2-бап

Келісімнің 10-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жүргізушілерде өздері басқаратын автокөлік құралдарының санатына сәйкес келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәліктері және автокөлік құралына ұлттық тіркеу құжаттары болуға тиіс.

Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар, айырым белгілерінсіз бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап бару жағдайында жүргізушілерде осы автокөлік құралдарына арналған уақытша тіркеу құжаттары болуға тиіс.»

3-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2014 жылғы 7 қараша Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК